

**Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 наурыздағы № 37-2 " Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмектер көрсету туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2011 жылғы 11 шілдедегі № 38-8 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 26 шілдеде № 7-13-142 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 қазандағы № 17-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 10.10.2013 № 17-3 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексін, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа алып Шыңғырлау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 наурыздағы № 37-2 " Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмектер көрсету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-13-138 тіркелген, 2011 жылғы 16 сәуірдегі "Серпін" газетінде № 14 жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 ) 1 т а р м а қ т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) денсаулық сақтау ұйымдарында емделуге жатқан және есепке тұрған қолданыстағы заңнамамен анықталған тізімге сәйкес, әлеуметтік маңызы бар аурулармен ауратындарға, әлеуметтік көмек – 17 айлық есептік көрсеткіш;"

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"5-1) су тасқыны, өрттен және басқа да табиғи және техногенді сипаттағы апатқа ұшыраған отбасыларға (азаматтарға) өтініштері бойынша, бір жолғы - сәйкес аудандық комиссия белгілеген мөлшерінде;"

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*М. Малтиев*

*Т. Уразов*

